

«ЭЙР АСТАНА» АҚ-НЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК САЛАҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАУ САЯСАТЫ

ҚҰЖАТТЫҢ ИЕСІ –

Корпоративтік байланыстар вице-президенті

КОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

«Эйр Астана» АҚ қайырымдылық/бейкоммерциялық немесе қызметі біздің бизнесті жауаппен жүргізу принциптерімізге сәйкес келетін, «Эйр Астана» АҚ-ның әлеуметтік салаға инвестициялау саясатының стратегиясын қолдайтын және әлеуметтік ортаға айтарлықтай ықпалын тигізе алатын өзге ұйымдардың жұмысын қолдайды, қаржыландырады және олардың ісіне өз үлесін қосады.

Бұл саясат бойынша компанияның әлеуметтік салаға инвестициялауға қатысты қызметінде қолданылатын төмендегідей ең төменгі стандарттар міндетті болып келеді:

- Қызметкерлердің қаражат жинауы
- Қызметкерлердің ерікті жұмысы
- Қайырымдылық сый
- Қайырымдылық демеушілік
- Қайырымдылыққа жатпайтын демеушілік

АНЫҚТАМАЛАР

Қайырымдылық сый — тікелей пайда түсірмейтін, қайырымдылық ұйымға берілетін кез келген қаржылай немесе өзге заттай үлес.

Әлеуметтік қор — жеке және/немесе заңды тұлғалар құрған, ерікті мүлдіктік сыйға негізделген және әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білімге қатысты және өзге қоғам үшін пайдалы мақсаттарды көздейтін, мүшелері жоқ бейкоммерциялық **ҰЙЫМ**. Әлеуметтік қор дегеніміз — ашық мәмілелерде басқару органдары өкілдік ететін, банкте бөлек балансы мен шоты бар заңды тұлға.

Қайырымдылық демеушілік — тікелей пайда түсіретін, қайырымдылық ұйымға берілетін кез келген қаржылай немесе өзге заттай үлес. Бейкоммерциялық ұйымдардан мүшелік немесе маркетинг/жарнама құралы ретінде кез келген басқа қызмет түрін сатып алу демеушілікке жатпайды.

Әлеуметтік салаға инвестициялау (ӘСИС) дегеніміз — бүкіл қоғамдық бастамаларға, соның ішінде қаржылық немесе өзге бейматериалдық қолдауға арналған кешенді бағдарлама.

Әлеуметтік салаға инвестициялау үйлестірушісі — әлеуметтік салаға инвестициялау және оның есептілігін жүргізу қызметін атқару үшін жауапты етіп тағайындалған өкіл.

Компанияның сыйы — әлеуметтік салаға елеулі ықпалы байқалатын, Компанияның қайырымдылық немесе бейқайырымдылық ұйымға демеушілік жәрдем немесе сый ретінде тауарлар немесе қызметтер түрінде көрсеткен кез келген қаржылай немесе өзге көмегі.

Қызметкерлердің қаражат жинауы — қызметкерлер қайырымдылық ұйымға қатысып, оған қаражат жинайтын Компания ұйымдастырып, бекіткен кез келген қызмет.

Қызметкерлердің ерікті жұмысы – қызметкерлер тікелей қайырымдылық ұйымның пайдасына бағытталған көмекті (бекітілген еріктілік принциптерінің аясында) ұсынатын үйлестіруші ұйымдастырып, бекіткен кез келген әлеуметтік салаға инвестициялау қызметі.

Әлеуметтік салаға инвестициялау комитеті – «Эйр Астана» АҚ-ның әлеуметтік салаға инвестициялау қызметін бақылау ісі тапсырылған ресми түрде құрылған комитет.

Әлеуметтік салаға инвестициялау комитетінің міндеттері мен қазіргі мүшелері туралы мәліметті «Эйр Астана» АҚ-ның әлеуметтік салаға инвестициялау туралы қызметтік нұсқаулығынан табуға болады.

Бейқайырымдылық ұйым — Қайырымдылық комиссиясы, Салық басқармасы немесе соған ұқсас салық ұйымы бейкоммерциялық ұйымдар санатына жатқызбаған ұйым.

Қайырымдылыққа жатпайтын демеушілік — бейқайырымдылық ұйымдарға қосылған және/немесе клиентке және білім іс-шараларына арналған заттай түрдегі кез келген қаржылық немесе өзге үлес, соның ішінде бизнес жүргізу мақсаттарын ерекше қолдайтын конференцияларға немесе іс-шараларға демеуші

болу, т.б. Оларға бизнес жүргізуге арналған немесе мәдени-тарихи демеушілікке негізделген жәрдем кіруі мүмкін.

Әлеуметтік салаға инвестициялау туралы қызметтік нұсқаулық — әлеуметтік салаға инвестициялаудың әдістемелік принциптері көрсетілген нұсқаулық.

Қаражат жинайтын сыртқы ұйым — «Эйр Астана» АҚ ұйымдастырмайтын немесе бақыламайтын қайырымдылық ұйым үшін қаражат жинайтын «Эйр Астана» АҚ қолдауындағы қызмет.

Жеке тұлғаларға көрсетілетін қайырымдылық – халықтың ең мұқтаж топтарына (ҚР-да емделмейтін дертке шалдыққан кедей отбасыдан шыққан балаларға; шетелде ем алуға мұқтаж ҚР азаматтық авиациясының ардагерлеріне) тікелей жәрдем көрсету.

Компания ота жасау мақсатында шетелге ұшатын балалар мен олардың жақындарына (қажет болса) әуе билеттерін береді. Әр жағдай бөлек қарастырылатын болады.

САЯСАТ

1. Жалпы ережелер

1.1 Корпоративтік байланыстар вице-президенті мыналарды қамтамасыз етеді:

- a. Әлеуметтік салаға инвестициялау стратегиясын әзірлеу, жүргізу, қайта қарау жұмыстары және Президенттің оны мақұлдау жұмысы тиісті ретпен орындалып, стратегия әлеуметтік салаға инвестициялау бойынша міндеттері бар бүкіл қызметкерлерге көрсетілу керек.
- b. Әлеуметтік салаға инвестициялау басқару процесі Міндеттер туралы ережені және мүшелер санын анықтап, құрылымдық бөлімшелерге әлеуметтік салаға инвестициялау қызметін жоспарлауға және орындауға көмектесетін Әлеуметтік салаға инвестициялау комитетін (Корпоративтік байланыстар және маркетинг департаменттері) құру арқылы қолданылу керек.
- c. Әлеуметтік салаға инвестициялау комитеті Корпоративтік байланыстар вице-президентінен, Корпоративтік байланыс жобаларына арналған әлеуметтік жобалар үйлестірушісінен, Маркетинг және сату аға вице-президентінен және Маркетинг жобалары үшін бизнесті дамыту менеджерінен тұрады. Корпоративтік байланыстар және маркетинг тобының мүшелері бір-біріне тәуелсіз тек өзінің тиісті қызметі үшін жауапты болады. Әкімшілік тұрғысынан Комитет Президентке бағынады. Корпоративтік байланыстар саласындағы қызмет қайырымдылық қызмет түрінде жүргізілетін немесе Компания имиджін сақтау үшін пайдаланылатын іс-шаралардан тұрады. Маркетинг пен сату саласындағы қызметке нақты бір оқиға шеңберінде нарықтың секторларына белгілі бір тікелей үлес қосу арқылы компания брендiне қолдау көрсетуге арналған нақты маркетинг іс-әрекеттері орындалатын іс-шаралар жатады.
- d. Бұл екі бөлім 1.1.с тармағында көрсетілгендей басқа бөлімнің бекітуі мен келісуінсіз-ақ өз біліктілігінің аясында жобалар бойынша шешім қабылдауға құқылы. Қалай дегенмен де, бұлар Компанияның жалпы қызметімен үйлесімділік үшін өз жұмысында бірлесіп жұмыс істейтін болады.
- e. Әлеуметтік салаға инвестициялау туралы қызметтік нұсқаулықты құру және жүргізу арқылы әлеуметтік салаға инвестициялау бойынша міндеттері бар бүкіл қызметкерлерге әлеуметтік салаға инвестициялау процедуралары және адал тәжірибе әдістері туралы нұсқаулық таратылады.
- f. Күтпеген жағдайлар нәтижесінде болған ерекше жайттар (мысалы, табиғи апат кезіндегі көмек) арнайы көмек көрсету шаралары басталмай тұрып бекітілу үшін тиісті Әлеуметтік салаға инвестициялау комитетіне жіберілу тиіс.
- g. Корпоративтік байланыстар вице-президентінің қызметі ай сайын Президентке және Компания Президентінің тұрақты есебі аясында жылына екі рет Директорлар кеңесіне нақтыланған деректі көрсетіп отырады.

1.2 Әлеуметтік салаға инвестициялау үйлестірушісі мыналарды қамтамасыз етеді:

- a. Әлеуметтік салаға инвестициялау іс-шаралары мен шығындарын бекіту процедураларын қабылдау және келісу.
- b. Әлеуметтік салаға инвестициялау қызметінің 1.1.с тармағындағы анықтамаға сәйкес корпоративтік байланыстар немесе сату және маркетинг департаменттері бюджетінің бір бөлігі ретінде жоспарлау.
- c. Әлеуметтік сала инвестицияларының қаражат жинайтын сыртқы ұйымдарға төлемеу.

- d. Қайырымдылық демеушілік көмек немесе қайырымдылық сый берілмей тұрып, қаржыландырудың қайырымдылық мақсатта пайдаланылуына көз жеткізу үшін қайырымдылық беру актісінің аймақтық орналасуына сәйкес белгілі сыртқы ұйымның тексерісінен өту.
- e. Жеке тұлғалардың шағын немесе жабық тобының мүддесінде нақты бір оқиғаға немесе қызметке көрсетілген, әсіресе жеткізушіден немесе жергілікті үкімет органынан, мысалы, «Самұрық-Қазына» АҚ-нан көрсетілген демеушіліктің теріс пайдалану жағдайы орын алмауы үшін мұқият тексеру. Әдетте әлеуметтік салаға инвестициялаудың барлық операцияларының нақты немесе әлеуетті жеткізушілерге немесе билік органдарының өкілдеріне қандай да бір міндеттеме жүктемейді және жүктей алмайды деген жалпы принцип бойынша тексеру.
- f. Қызметкерлердің қайырымдылық мақсатта қаражат жинауы және ерікті қызмет Әлеуметтік салаға инвестициялау туралы қызметтік нұсқаулықта көрсетілгендей қаржылық және заңдық процедураларға сәйкес жүргізу.
- g. Әлеуметтік салаға инвестициялауға жұмсалған барлық шығындар және қызметкерлердің қаражат жинау туралы есептердің жасалуы және Компанияның іскери қарым-қатынас жүргізудегі қалыпты тәжірибесінің аясында Әлеуметтік салаға инвестициялау туралы қызметтік нұсқаулыққа сәйкес бекіту.

2 Нұсқаулық және құжаттарды бекіту

- 2.1 Әлеуметтік салаға инвестициялау комитеті Президентке әлеуметтік салаға инвестициялаудың бүкіл іс-шаралары, оның ішінде қызметкерлер жинаған қаражат бойынша бақылау жасап, есептілік құру қажет.
- 2.2 Қайырымдылыққа жатпайтын және қайырымдылық демеушілік көмек және сый бюджеттері бар бөлімдер Әлеуметтік салаға инвестициялау туралы қызметтік нұсқаулықта берілген демеушілік және сый туралы есептілік процедурасын сақтау тиіс.
- 2.3 Бекіту үлгісі осы саясаттың А қосымшасында берілген.

3 Есептілік

- 3.1 Әлеуметтік салаға инвестициялау үйлестірушісі Компанияның ережелеріне сәйкес бекітілген үлгілер негізінде әлеуметтік салаға инвестициялауға қатысты барлық операциялар туралы есептер құрылуын қамтамасыз ету керек.
- 3.2 Корпоративтік байланыстар вице-президенті жылдық есепке енгізуі үшін стратегиялық және коммерциялық жоспарлауға вице-президентіне жыл сайын әлеуметтік салаға инвестициялау туралы нақтыланған деректің берілуін қамтамасыз ету қажет.
- 3.3 Корпоративтік байланыстар вице-президентінде Компания Президентінің алдын ала белгіленген тұрақты есептерінің шеңберінде Директорлар кеңесіне нақтыланған деректі ұсыну үшін қажетті бүкіл ақпарат болу керек.
- 3.4 Корпоративтік байланыстар вице-президентінде Корпоративтік жауапкершілік комитетіне нақтыланған деректі ұсыну үшін қажетті бүкіл ақпарат болу керек.

Әлеуметтік салаға инвестициялау саясаты

Әлеуметтік салаға инвестициялау процедуралары мен қабылданған нормаларының үлгілері «Эйр Астана» АҚ-ның Әлеуметтік салаға инвестициялау туралы қызметтік нұсқаулығында берілген, оны мына мекенжайдан алуға болады:

csr@airastana.com

Әлеуметтік салаға инвестициялау туралы қосымша ақпарат пен кеңестер қажет болса, Корпоративтік байланыстар департаментінен сұрап біліңіз.

А ҚОСЫМШАСЫ. «Эйр Астана» АҚ-ның әлеуметтік салаға инвестициялау әрекетін бекіту үлгісі

Департамент		<input type="checkbox"/>
-------------	--	--------------------------

ЖОБА ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Жоба/қызмет атауы:	
--------------------	--

Жоба/қызмет түрі:

(қажеттісін белгілеу үшін ұяшықты екі рет басыңыз)

Сомасы:

- Сый
- Қайырымдылық демеушілік
- Қайырымдылыққа жатпайтын демеушілік

Ұсынылған жоба

Жобаның/қызметтің қысқаша сипаттамасы (50 сөзден аспауы керек)

Ұсынылу себебі

Компания және алушы ұйым үшін жобаның/қызметтің қысқаша сипаттамасын беріңіз:

«ЭЙР АСТАНА» АҚ үшін артықшылығы

Демеушілік көмек/сый нәтижесінде берілетін артықшылықтар (тізім түрінде):

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ		
Алушы ұйым туралы байланыс ақпараты:		«ЭЙР АСТАНА» АҚ хабарласа алатын байланыс тұлғасы:
Ұйым:		<i>Аты-жөні:</i>
Байланыс тұлғасының аты-жөні:		<i>Департамент:</i>

БЮДЖЕТ ЖӘНЕ ОНЫ БЕКІТУ

Бюджет қаражатының иесі Бұл жобаны/қызметті қаржыландыратын бюджет	

Жасаған:

Департамент басшысы:

КОМИТЕТ ҚОЛДАНЫСЫ ҒАНА АРНАЛҒАН

«Эйр Астана» АҚ компаниясының сый шарттарына сәйкес келу рейтингі шарттарына сәйкес /10	Тек демеушілік үшін: «Эйр Астана» АҚ коммерциялық пайда рейтингі /10
--------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------

БЕКІТУ

Құрылымдық бөлімше басшысы/қызмет түрі

--	--	--	--

Комитеттің қолы:		Күні:	
------------------	--	-------	--

Әлеуметтік салаға инвестициялау комитеті

Комитеттің қолы:		Күні:	
------------------	--	-------	--